

**БЕКІТЕМІН**  
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**  
**қабылдау комиссиясының төрағасы,**  
**Басқарма төрағасы-Ректор**  
**Түймебаев Ж.Қ.**

«*Ж*»

2024 ж.



**«В031 - Сән, дизайн»**  
**білім беру бағдарламалар тобы бойынша**  
**түсушілерге арналған шығармашылық емтиханның**  
**БАҒДАРЛАМАСЫ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1 Бағдарлама "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

1.2 Үлгілік ережелердің 2-қосымшасына сәйкес «В031 - Сән, дизайн» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандар келесі форматта тапсырылады:

- 1) Сурет, кескіндеме 2.
- 2) Композиция 2.

1.3 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының шешімімен емтихан өткізу кезеңінде емтихан комиссиясы құрылады.

Қабылдау комиссиясының құрамына ҚазҰУ-дың профессорлық-оқытушылық құрамы, бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғамдық ұйымдар өкілдері кіреді.

1.4 Шығармашылық емтихандарды тапсыруға «Оқу сауаттылығы» пәнінен кемінде 3 балл, «Қазақстан тарихы» пәнінен кемінде 5 балл жинаған талапкерлер жіберіледі.

1.5 Шығармашылық емтихандарға өтініштер күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 10 тамызына дейін қабылданады (грант конкурсына қатысу үшін 6 шілдеге дейін – барлық облыстар, 15 шілдеге дейін – төтенше жағдай жарияланған облыстар үшін (Ақмола, Ақтөбе, қ.) Атырау қ., Қостанай қ., Солтүстік Қазақстан облысы) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы (бірінші қабат) мекенжайы бойынша өтеді.

1.6 Шығармашылық емтихандар күнтізбелік жылдың 7-13 шілдесі және 11-15 тамыз аралығында өткізіледі. Төтенше жағдай жарияланған өңірлер үшін (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары) – күнтізбелік жылдың 7 шілдесі мен 20 шілдесі аралығында.

1.7 Шығармашылық емтихандардың өту кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілердің назарына бұл туралы құжаттарды қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі және университеттің ресми сайтында [www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz), <https://farabi.university/> жарияланады.

1.8 Талапкерлердің шығармашылық емтихандарға жіберілуі жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

1.9 Талапкерлерге шығармашылық емтихандар басталғанға дейін емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, жауап беру регламенті, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

1.10 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады және Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

1.11 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары - бағалау парағымен, рұқсат беру парағымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

1.12 Шығармашылық емтихандардың нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

1.13 Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

1.14 Қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен шығармашылық емтихандарды өткізу кезеңінде даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында құрамы төрағасын қоса алғанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

1.15 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған тұлғаның өзі береді, апелляция

шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күннің сағат 13.00-не дейін қабылданады және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады.

1.16 Апелляциялық комиссияның шешімі апелляциялық өтініш негізіндегі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляцияға қатысты шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші бөлып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

1.17 Жоғары білімнің білім беру грантын алған талапкер шығармашылық емтихан тапсырған ЖОО-ға қабылданады.

1.18 Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың (2-3-топтағы мүгедектер) электрондық цифрлық құралдарды (компьютер, ноутбук) мен прокторинг жүйесін бірінші шығармашылық емтиханда пайдалануға құқығы бар. Сонымен қатар қажет болған жағдайда қабылдау комиссия өкілінің техникалық көмегіне сүйене алады.

## **2. «B031 - Сән, дизайн» білім беру бағдарламалар тобы бойынша шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі**

### **1-ші емтихан**

«Сурет, кескіндеме 2» емтиханына 6 сағат бөлінеді. Шығармашылық емтиханның ережелерімен және тақырыбымен танысу емтиханнан 30 минут бұрын жүзеге асырылады.

Талапкерлерге геометриялық пішіндерден тұратын натюрмортты бейнелеуге тапсырма беріледі. Сурет салуға арналған құрал-жарақтарды үміткерлер алдын ала дайындайды.

### **Суретті бағалау критерийлері:**

<b>Балл</b>	<b>Критерийлер</b>
41-50	<ul style="list-style-type: none"><li>- жұмыс жоғары көркемдік деңгейде орындалған;</li><li>- қағаз бетінде (форматта) сауатты және дұрыс орналастырылуы;</li><li>- конструктивті құрылымы және пропорциялары сақталынған;</li><li>- натюрморт заттарының сипаттық белгілерін беру (ұқсастығы);</li><li>- суреттелген пішіннің жарық-көлеңкелі моделденуі;</li><li>- пішіннің ренкте егжей-тегжейлі пысықталуы;</li><li>- біткен жұмыс.</li></ul>
36-40	<ul style="list-style-type: none"><li>- жұмыс әжептәуір жоғары көркемдік деңгейде орындалған;</li><li>- қағаз бетінде (форматта) дұрыс орналастырылуы;</li><li>- конструктивті құрылымы және пропорциялары сақталынған;</li><li>- натюрморт заттарының сипаттық белгілерін беру (ұқсастығы);</li></ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- суреттелген пішіннің жарық-көлеңкелі моделденуі толық бітпеген;</li> <li>- пішіннің реңкте толық пысықталуы бітпеген;</li> <li>- жартылай біткен жұмыс.</li> </ul>
31-36	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс жақсы көркемдік деңгейде орындалған;</li> <li>- қағаз бетінде (форматта) дұрыс орналастырылмаған;</li> <li>- конструктивті құрылымы және пропорциялары толық сақталмаған;</li> <li>- натюрморт заттарының сипаттық белгілерін толық берілмеген (ұқсастығы);</li> <li>- суреттелген пішіннің жарық-көлеңкелі моделденуі толық бітпеген;</li> <li>- пішіннің реңкте толық пысықталуы бітпеген;</li> <li>- жұмыс бітуін талап етеді.</li> </ul>
26-31	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс жақсы деңгейде орындалған;</li> <li>- қағаз бетінде (форматта) дұрыс орналастырылмаған;</li> <li>- конструктивті құрылымы және пропорцияларында бұрмалаулар бар;</li> <li>- натюрморт заттарының сипаттық белгілерін толық берілмеген (ұқсастығы);</li> <li>- суреттелген пішіннің жарық-көлеңкелі моделденуінде анық бұрмалаулар бар;</li> <li>- пішіннің реңкте толық пысықталуы бітпеген;</li> <li>- жұмыс бітуін талап етеді.</li> </ul>
20-25	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс орта деңгейден төмен сапада орындалған;</li> <li>- қағаз бетінде (форматта) дұрыс орналастырылмаған;</li> <li>- конструктивті құрылымы және пропорцияларында анық бұрмалаулар бар;</li> <li>- натюрморт заттарының сипаттық белгілерін толық берілмеген (ұқсастық бұрмаланған);</li> <li>- суреттелген пішіннің жарық-көлеңкелі моделденуінде анық бұрмалаулар бар;</li> <li>- пішіннің реңкте толық пысықталуы бітпеген;</li> <li>- жұмыс бітуін талап етеді.</li> </ul>
14-19	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс қанағаттанарлық деңгейде орындалған;</li> <li>- қағаз бетінде (форматта) дұрыс орналастырылмаған;</li> <li>- конструктивті құрылымы және пропорцияларында анық бұрмалаулар бар;</li> <li>- натюрморт объектілерінің пропорциялары сақталмаған;</li> <li>- суреттелген пішіннің жарық-көлеңкелі моделденуінде анық бұрмалаулар бар;</li> <li>- пішіннің реңкте пысықталуы бітпеген;</li> <li>- жұмыстың бітуіне бірталай уақыт керек.</li> </ul>
5-13	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс орташа қанағаттанарлық деңгейде орындалған;</li> <li>- қағаз бетінде (форматта) орналастырылуында өрескел бұзушылықтар бар;</li> <li>- натюрморт пішіндерінің құрылымы мен пропорциясы бұзылған;</li> <li>- натюрморт заттарының сипаттық белгілерін көрсетілмеген (ұқсастық анық бұрмаланған);</li> <li>- жарық-көлеңкелі моделденуі шешілмеген;</li> <li>- натюрморт заттарының реңктері шешілмеген;</li> <li>- жұмыс бітпеген.</li> </ul>

*\*5 балдан төмен - қанағаттанарлықсыз баға.*

## **2-ші емтихан**

«Композиция 2» емтиханына 6 сағат бөлінеді. Шығармашылық емтиханның ережелерімен және тақырыбымен танысу емтиханнан 30 минут бұрын жүзеге асырылады.

Талапкерлерге қаріптік композицияны жасауға тапсырма беріледі. Сурет салуға арналған құрал-жарақтарды үміткерлер алдын ала дайындайды.

### **Композицияны бағалау критерийлері:**

Балл	Критерийлер
41-50	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс жоғары кәсіби деңгейде орындалған;</li> <li>- композициялық ой қызықты көркемдікпен шешілген;</li> <li>- графика мен қаріп дұрыс құрастырылған;</li> <li>- графика мен қаріптің шешімінде түс пен реңк өте жақсы үйлесімін тапты;</li> <li>- қаріптік композиция креативті және мәнерлі шешілген;</li> <li>- жұмыс толық біткен.</li> </ul>
36-40	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс жеткілікті жоғары кәсіби деңгейде орындалған;</li> <li>- композициялық ой жеткілікті қызықты көркемдікпен шешілген;</li> <li>- графика мен қаріп дұрыс құрастырылған;</li> <li>- графика мен қаріптің шешімінде түс пен реңк жеткілікті үйлесімін тапты;</li> <li>- қаріптік композиция мәнерлі шешілген;</li> <li>- жұмыс толық біткен.</li> </ul>
31-36	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс жақсы кәсіби деңгейде орындалған;</li> <li>- композициялық ой жақсы көркемдікпен шешілген;</li> <li>- кейбір графика мен қаріп дұрыс құрастырылған;</li> <li>- графика мен қаріптің үйлесімінде түс пен реңк жеткіліксіз гармонияда шешілген;</li> <li>- қаріптік композиция жеткіліксіз мәнерлі болып шешілген;</li> <li>- жұмыс аяқталмаған.</li> </ul>
26-31	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс жеткілікті жақсы кәсіби деңгейде орындалған;</li> <li>- композициялық ой жеткілікті жақсы көркемдікпен шешілген;</li> <li>- кейбір графика мен қаріп дұрыс құрастырылған;</li> <li>- графика мен қаріптің үйлесімінде түс пен реңк жеткіліксіз гармонияда шешілген;</li> <li>- қаріптік композиция жақсы деңгейде шешілген;</li> <li>- жұмыс аяқталмаған.</li> </ul>
20-25	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс жеткіліксіз жақсы деңгейде орындалған;</li> <li>- композициялық ой жеткіліксіз жақсы көркемдікпен шешілген;</li> <li>- кейбір графика мен қаріп дұрыс құрастырылған;</li> <li>- кейбір графика элементтері қаріппен үйлесімін тапқан жоқ;</li> <li>- қаріптік композиция жеткіліксіз жақсы деңгейде шешілген;</li> <li>- жұмыс аяқталмаған.</li> </ul>
14-19	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс қанағаттанарлық деңгейде орындалған;</li> <li>- композициялық ой қанағаттанарлық деңгейде шешілген;</li> <li>- графика мен қаріптің кейбір элементтері дұрыс құрастырылмаған;</li> <li>- кейбір графика элементтері қаріппен үйлеспейді;</li> <li>- қаріптік композиция қанағаттанарлық деңгейде шешілген;</li> <li>- жұмыс аяқталмаған.</li> </ul>
5-13	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс жеткілікті қанағаттанарлық деңгейде орындалған;</li> <li>- композициялық ой жеткілікті қанағаттанарлық деңгейде шешілген;</li> <li>- графика мен қаріптің көп элементтері дұрыс құрастырылмаған;</li> <li>- графика мен қаріптің көп элементтері үйлеспейді;</li> <li>- қаріптік композиция қызықсыз шешілген;</li> <li>- жұмыс мүлдем аяқталмаған.</li> </ul>

*\*5 балдан төмен - қанағаттанарлықсыз баға.*

### **3. Шығармашылық емтихандарды өткізу**

Шығармашылық емтихандар дәстүрлі (офлайн) форматта қабылданады.

### **4. Дайындық үшін ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

1. Ли Н.Г. Основы учебного академического рисунка. – М.: Эксмо. - 2018.
2. Макарова М.Н. Рисунок и Перспективы: Теория и практика. Учебное пособие. – М.: Академический Проект. - 2016.
3. Беляева С.Е. Основы изобразительного искусства и художественного проектирования: учебник. – М: Академия. - 2015.
4. Уэйншенк С. 100 главных принципов дизайна. СПб и др.: Питер. - 2012.
5. Ли Н.Г. Голова человека. Основы учебного академического рисунка. – М: Эксмо. - 2010.
6. Устин В. Б. Композиция в дизайне. Основы композиционно-художественного формообразования в дизайнерском творчестве. Учебное пособие. – М.: АСТ-Астрель. - 2008.
7. Могилевцев В.А. Основы рисунка. Учебное пособие. – СПб. - 2007.

A handwritten signature in black ink, appearing to read 'В. Б. Устин', is written across the page. The signature is fluid and cursive, with a long horizontal stroke extending to the left.